

"Аңшылық, балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 542 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 222 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 17 қыркүйекте № 21217 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аңшылық, балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 542 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18158 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналардың:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығын жүргізуге арналған (кәсіпшілік немесе әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу кезінде);
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығын жүргізуге арналған (көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын немесе шарбақтық балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде) шарттардың үлгілік нысаны бекітілсін."

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі

М. Мирзагалиев

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің
2020 жылғы 16 қыркүйегі
№ 222 Бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 542 бұйрығына
2-қосымша

Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (кәсіпшілік немесе әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізу кезінде)

_____ 20 ____ жылғы " ____ " _____
(елді мекен)

_____ облысы (ауданы) әкімдігінің балық шаруашылығы
су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы 20 ____ жылғы
" ____ " _____ № ____ шешімі (қаулысы) негізінде _____

_____ (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды)
жүргізу мақсатында Ереже негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Жергілікті
атқарушы орган (Әкімдік)" деп аталатын, _____
бір тараптан және _____
(жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі)

_____ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Пайдаланушы" деп аталатын _____

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, мекенжайы)

атынан _____

(пайдаланушы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

екінші тараптан төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1-тарау. Шарттың нысаны

1. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" осы шартқа қоса беріліп отырған балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің паспортында алаңы, мөлшері

және басқа параметрлері көрсетілген,

_____ облысы _____

_____ ауданында орналасқан "Пайдаланушыға" _____

_____ жүргізу

мақсатында

(кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды)

бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдын (дар) ында және (немесе) учаскелерінде балық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

2. Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі және/немесе олардың нөмірлері _____

2-тарау. Тараптардың құқықтары

3. "Пайдаланушының" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;

2) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

3) жануарлар дүниесін пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға құқығы бар.

4. "Жергілікті атқарушы органның (Әкімдіктің)" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде осы шартты біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда:

1) осы шарттың талаптары жүйелі түрде бұзылғанда;

2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда;

3) "Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10890 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарына сәйкес міндеттемелер орындалмағанда немесе толық орындалмағанда бұзады.

3-тарау. Тараптардың міндеттері

5. "Пайдаланушы" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақыны уақтылы енгізуге;

3) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

4) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлер тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатыгез қарауға жол бермейтін тәсілдермен пайдалануға;

5) мыналарды:

бақылау үшін аулауды жүзеге асыру үшін – уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – Инспекция);

ғылыми-зерттеу үшін аулауды жүзеге асыру үшін – жеке және заңды тұлғаларға;

әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін – жеке тұлғаларға сервитут беруге;

6) Инспекциямен келісім бойынша биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіптік запасының деректерін жыл сайын түзетуді жүргізуге;

7) әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік), қабылдау пунктінде, бригадада немесе звенода "Аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекаралары аншлагтарының үлгілерін, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7573 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша (бұдан әрі –Үлгілер) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуге және оны Инспекцияның лауазымды адамдарының талап етуі бойынша ұсынуға;

8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 250 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6225 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесін пайдаланушы жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға жасасқан шарттарын уәкілетті органда тіркеу және оларды бұзу туралы ақпарат беру ережесімен белгіленген тәртіппен және мерзімде Инспекцияға жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға арналған шарттар туралы, оның ішінде оларды бұзу туралы ақпаратты жолдауға;

9) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 185 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6196 болып тіркелген) бекітілген Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесімен белгіленген тәртіппен және мерзімде Инспекцияға ауланған балық ресурстары және басқа да су жануарлары, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай және берілген жолқұжаттар туралы мәліметтерді ұсынуға;

10) жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін қорғауды және олардың өсімін молайтуды қамтамасыз ету және олардың санының азаюына жол бермеуге;

11) балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарларына сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуге;

12) Үлгілер бойынша қыстау шұңқырларының, уылдырық шашатын жерлердің шекараларын, балық аулауға тыйым салынған балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің және жерлердің шекараларын белгілейтін аншлагтарды орнатуға;

13) қорықшылық қызметін құруға және оның күзет қызметін ұйымдастыруға;

14) қорықшыларды көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төсбелгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

15) "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының

2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) бекітілген нысандар бойынша және тәртіппен Инспекцияға мәліметтер ұсынуға;

16) жеке тұлғаларға олардың ауызша және/немесе жазбаша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама беруге;

17) кәсіпшілік күш-жүгер нормативтерін сақтауға;

18) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 341 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15739 болып тіркелген) бекітілген Шаруашылық қызметі нәтижесінде балық ресурстары мен басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген зиянды, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген зиянды, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуге;

19) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалау мақсатында тексерулерді жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;

20) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға;

21) балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігінің қозғалысын келісуге;

22) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

6. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру қағидаларында белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда, "Пайдаланушыға" жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруге міндетті.

4-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

7. "Пайдаланушы" осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін ешкімге толығымен де, ішінара да бермеуі тиіс.

8. Бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру "Пайдаланушының" өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

9. "Пайдаланушының" құқықтары бұзылған жағдайда "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" немесе Инспекция Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5-тарау. Бой бермейтін күштің мән-жайлары

10. Егер Шарттың қандай да бір міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау бой бермейтін күштің мән-жайларынан туындаса, Тараптардың ешқайсысы оларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

11. Бой бермейтін күштің мән-жайлары деп Тараптардың бақылауына көнбейтін, олардың қателігімен немесе салақтығымен байланысты емес және тосын сипатқа ие осы Шартты орындауға кедергі келтіретін оқиға танылады.

12. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, Пайдаланушы бұл жайында почтамен немесе факсимильді байланыспен бой бермейтін күштің мән-жайлары басталған уақытты және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарлама тапсыру және (немесе) жөнелту арқылы "Жергілікті атқарушы органды (Әкімдікті)" және Инспекцияны дереу хабардар етеді.

13. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, Тараптар орын алып отырған жағдайдан шығудың амалын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кеңес өткізеді және бой бермейтін күш мән-жайларының зардаптарын барынша азайту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

14. Осы тарауда көрсетілген бой бермейтін күштің мән-жайларын құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдар растаған болса, олар заңды болып танылады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

15. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және _____ жыл мерзімге жасалған.

16. Осы Шарттың қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) балық шаруашылығын жүргізуден ерікті түрде бас тартқан;
- 2) осы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;
- 3) "Пайдаланушының" қызметі тоқтатылған;
- 4) балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіліп берілген жер учаскелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет мұқтажына алып қойылған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.

17. Балық шаруашылығын жүргізу бойынша дауларды шешу кезінде Тараптар осы Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

18. "Пайдаланушыға" бекітіліп берілген осы шартқа қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің паспорты осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

19. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалса және оған екі тараптың уәкілетті өкілдері қол қойса заңды күшке ие болады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

20. Тараптар осы Шарттан туындаған дауларды келіссөздер арқылы шешуге тырысады, ал егер Тараптар келісімге келе алмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

21. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар ___ данада жасалды.

7-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

"Жергілікті атқарушы орган " П а й д а л а н у ш ы "	
(Ә к і м д і к) "	(а т а у ы)
(а т а у ы)	(почталық мекенжайы)
(почталық мекенжайы)	(банктік деректемелері)
(банктік деректемелері)	(лауазымы, аты, әкесінің аты
(лауазымы, аты, әкесінің аты	(бар болса), тегі)
(бар болса), тегі)	(қол, мөр орны (жеке кәсіпкерлік субъектісі
(колы, мөрі (бар болса)	болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Балық шаруашылығын
жүргізуге арналған
(кәсіпшілік, әуесқойлық
(спорттық) балық аулауды
жүргізу кезінде) шартқа
қосымша
Нысан

Балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің паспорты _____
(су

айдынының және (немесе) учаскесінің атауы)

1-тарау. Географиялық орналасуы

Әкімшілік облысы _____

Әкімшілік ауданы _____

Су айдынының орналасқан жері _____

(жақын маңдағы елді мекеннің атауы, су айдынының,

орналасу бағыты, шақырыммен қашықтығы)

Учаскенің шекаралары _____

(шекараның сипаттамасы, координаталары)

2-тарау. Физикалық сипаттамасы

Ұзындығы, шақырым _____

Ені, шақырым _____

Алаңы, гектар _____

Ең жоғарғы тереңдігі, метр _____

Орташа тереңдігі, метр _____

3-тарау. Биологиялық сипаттамасы Глава

Су айдынын: суүсті өсімдігінің басу дәрежесі _____

(қатты, орташа, әлсіз)

суасты өсімдігінің басу дәрежесі _____

(қатты, орташа, әлсіз)

Фитопланктонның даму дәрежесі (судың гүлденуі) _____

(қатты, орташа, әлсіз)

Су айдыны фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна _____

сүтқоректілер _____

омыртқасыз су жануарлары _____

Су айдыны кәсіпшілік фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна _____

сүтқоректілер _____

омыртқасыз су жануарлары _____

Су айдынының балық өнімділігі, гектарына килограмм:

ихтиофауна _____

сүтқоректілер _____

омыртқасыз су жануарлары _____

4-тарау. Шаруашылық сипаттамасы

(өнеркәсіптік кәсіпорындардың ағын суларымен, өндірістің басқа да қалдықтарымен)

су айдынының ластануы

Сутартқыштар

(сутартқыш құрылыстардың типтері, қуаттылығы, ведомстволық тиістілігі)

Тартымдардың, қалқымалардың, қосындардың, су айдынының

(учаскесінің) балық ресурстарын пайдаланудың басқа да тұрақты орындарының саны

Басқа мәліметтер

Осы паспорт екі данада жасалды және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы паспортты рәсімдеген жергілікті атқарушы органның атауы

Мөрдің (бар болса) орны
(Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Басшы _____

(қолы)

Бұйрыққа
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 542 бұйрығына
3-қосымша

Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын немесе тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде)

_____ 20 ____ жылғы " ____ " _____

(елді мекен)

_____ облысы (ауданы) әкімдігінің балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы 20__ жылғы " __ " _____ № _____ шешімі (қаулысы) негізінде _____

_____ (көлде тауарлы балық шаруашылығын (бұдан әрі – КТБШ), тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын) жүргізу мақсатында Ереже негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" деп аталатын, _____ бір тараптан және _____ (жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі)

_____ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Пайдаланушы" деп аталатын _____

_____ (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, мекенжайы) атынан _____

_____ (пайдаланушы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, лауазымы)

_____ екінші тараптан төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1-тарау. Шарттың нысанасы

1. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" осы шартқа қоса беріліп отырған балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің паспортында алаңы, мөлшері

және басқа параметрлері көрсетілген, _____ облысы _____

— ауданында орналасқан "Пайдаланушыға" _____ жүргізу мақсатында

_____ (КТБШ, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын) бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдын (дар) ында және (немесе) учаскелерінде балық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

2. Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі және/немесе олардың нөмірлері _____

2-тарау. Тараптардың құқықтары

3. "Пайдаланушының" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) қолданыстағы заңнамамен тыйым салынғандарды қоспағанда, балықтардың және басқа да су жануарларының барлық түрлерін өсіруді жүзеге асыруға;

2) туризмді, сондай-ақ азаматтардың рекреациялық қызметін, оның ішінде өзіне бекітілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды қамтамасыз ету мақсатында коммерциялық мақсаттарда тауарлық балық өсіруді жүзеге асыруға;

3) табиғи су қоймаларын балық жіберу мақсатында және тауарлы өсіру үшін отырғызу материалы ретінде кәсіпшілік, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген балық түрлерінің шабақтарын өсіруді жүзеге асыруға;

4) жануарлар дүниесінің өсірілген объектілеріне, оның ішінде балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

5) жеке және заңды тұлғалармен өсірілетін балық түрлерінің аналық балықтар басы және олардың шабақтарын сатып алуға шарттар жасасуға;

6) өндірушілердің аналық және аналық табындарын ұстауға;

7) жанар-жағар май материалдарының суға түсуіне жол бермеу мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жүзу құралдарының қозғалысына, сондай-ақ фарватер желісі бойынша жүріп келе жатқан кеме қатынасына кедергі келтірмейтін балықтардың мазасыздану факторын болдырмау мақсатында, бұл ретте туристік, жеке, әуесқойлық және кез келген өзге де бөгде жүзу құралдарының және адамдардың кіруіне кедергі келтіретін арқандармен және буйлармен жыл бойы (шарбақтық балық өсіру шаруашылықтары үшін) бөгеуге;

8) жыртқыштар шарбақты жыртқан немесе жеген кезде балықтың жоғалуының алдын алу үшін, шарбақтарды жөндеу қажет болған жағдайда (шарбақтық балық өсіру шаруашылықтары үшін) әртүрлі ұяшықтары бар жаппай ауларын (бұзуларды жою) орнатуға;

9) балық шаруашылығы субъектілерінің даму жоспарын мерзімінен бұрын орындау және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Инспекция) есеп беруге;

10) еңсерілмейтін күш жағдайлары болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11227 болып тіркелген) Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларына және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес, бір облыстың аумағында орналасқан халықаралық және республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі тиісті

облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органдары құратын конкурстық комиссияға (бұдан әрі – комиссия) балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарын қайта қарау жөнінде ұсыныс енгізуге құқығы бар.

4. "Жергілікті атқарушы органның (Әкімдіктің)" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде осы шартты біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда:

- 1) осы Шарттың талаптары жүйелі түрде бұзылған кезде;
- 2) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары жүйелі түрде бұзылғанда;
- 3) "Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10890 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарына сәйкес міндеттемелер орындалмағанда немесе толық орындалмағанда бұзады.

3-тарау. Тараптардың міндеттері

5. "Пайдаланушы" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 2) жыл бойынша балық өсіру көлемін көрсете отырып, бекітіліп берілетін кезеңге балық шаруашылығы субъектілерінің даму жоспарын жасау және оны уақтылы орындау*;
- 3) балық және басқа да су жануарларының рұқсат етілген түрлерін ғана өсіруді жүзеге асыруға;
- 4) балық және басқа да су жануарларын өсімін молайту және тауарлы өсіру жөніндегі технологияларды халыққа және қоршаған ортаға қауіпсіз, қоршаған орта мен жануарлар дүниесіне теріс әсер етуге жол бермейтін тәсілдермен пайдалануға;
- 5) "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) бекітілген нысандар бойынша және тәртіппен Инспекцияға мәліметтер ұсынуға;
- 6) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалау мақсатында тексерулерді жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;

7) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға;

8) өздеріне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде, сондай-ақ жағалау жолақтарында өсіру орындарын, бақтарды тиісті санитарлық және экологиялық жағдайда ұстауды қамтамасыз етсін.

6. "Жергілікті атқарушы орган (әкімдік)" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде комиссияның "пайдаланушының" балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарын қайта қарау жөніндегі ұсыныстарын қарауын қамтамасыз етеді.

4-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

7. "Пайдаланушы" осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін ешкімге толығымен де, ішінара да бермеуі тиіс.

8. "Пайдаланушының" құқықтары бұзылған жағдайда "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" немесе Инспекция Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5-тарау. Бой бермейтін күштің мән-жайлары

9. Егер осы Шарттың қандай да бір міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау бой бермейтін күштің мән-жайларынан туындаса, Тараптардың ешқайсысы оларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

10. Бой бермейтін күштің мән-жайлары деп Тараптардың бақылауына көнбейтін, олардың қателігімен немесе салақтығымен байланысты емес және тосын сипатқа ие осы Шартты орындауға кедергі келтіретін оқиға танылады.

11. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған жағдайда, Пайдаланушы бұл жайында почтамен немесе факсимильді байланыспен бой бермейтін күштің мән-жайлары басталған уақытты және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарлама тапсыру және (немесе) жөнелту арқылы "Жергілікті атқарушы органды (Әкімдікті)" және Инспекцияны дереу хабардар етеді.

12. Бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, Тараптар орын алып отырған жағдайдан шығудың амалын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кеңес өткізеді және бой бермейтін күш мән-жайларының зардаптарын барынша азайту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

13. Осы тарауда көрсетілген бой бермейтін күштің мән-жайларын құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымдар растаған болса, олар заңды болып танылады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

14. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 49 жыл мерзімге жасалған.

15. Осы шарттың қолданылуы:

1) балық шаруашылығын жүргізуден ерікті түрде бас тартқан;

2) осы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

3) "Пайдаланушының" қызметі тоқтатылған;

4) балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіліп берілген жер учаскелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет мұқтажына алып қойылған;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер туындаған жағдайларда тоқтатылады.

16. Балық шаруашылығын жүргізу бойынша дауларды шешу кезінде Тараптар осы Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

17. "Пайдаланушыға" бекітіліп берілген осы балық шаруашылығын жүргізуге арналған шартқа қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы паспорт шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

18. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалса және оған екі тараптың уәкілетті өкілдері қол қойса заңды күшке ие болады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

19. Тараптар осы Шарттан туындаған дауларды келіссөздер арқылы шешуге тырысады, ал егер Тараптар келісімге келе алмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

20. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар ___ данада жасалды.

7-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

"Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)"	"Пайдаланушы"
_____	_____
(атауы)	(атауы)
_____	_____
(почталық мекенжайы)	(почталық мекенжайы)
_____	_____
(банктік деректемелері)	(банктік деректемелері)
_____	_____
(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)	(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
_____	_____
(колы, мөрі (бар болса))	(қол, мөр орны (жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын адамдарды қоспағанда))

Ескертпе: * – бой бермейтін күштің мән-жайларында балық шаруашылығы субъектілерінің даму жоспарларына балықтарды тауарлық өсірудің жыл сайынғы көлемін түзету бөлігінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Балық шаруашылығын
жүргізуге арналған шартқа
(көлде тауарлы балық
шаруашылығын немесе
тор қоршамада балық өсіру
шаруашылығын жүргізу кезінде)
қосымша
Нысан

Балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің паспорты _____
_____ (су
айдынының және (немесе) учаскенің атауы)

1-тарау. Географиялық орналасуы

Әкімшілік облысы _____

Әкімшілік ауданы _____

Су айдынының орналасқан жері _____

(жақын маңдағы елді мекеннің атауы, су айдынының,

_____ орналасу бағыты, шақырыммен қашықтығы)

Учаскенің шекаралары _____

(шекараның сипаттамасы, координаталары)

2-тарау. Физикалық сипаттамасы

Ұзындығы, шақырым _____

Ені, шақырым _____

Алаңы, гектар _____

Ең жоғарғы тереңдігі, метр _____

Орташа тереңдігі, метр _____

3-тарау. Биологиялық сипаттамасы Глава

Су айдынын:

суүсті өсімдігінің басу дәрежесі _____

(қатты, орташа, әлсіз)

суасты өсімдігінің басу дәрежесі _____

(қатты, орташа, әлсіз)

Фитопланктонның даму дәрежесі (судың гүлденуі) _____

(қатты, орташа, әлсіз)

Су айдыны фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна _____

сүтқоректілер _____

омыртқасыз су жануарлары _____

Су айдыны кәсіпшілік фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна _____

сүтқоректілер _____

омыртқасыз су жануарлары _____

Су айдынының балық өнімділігі, гектарына килограмм:

ихтиофауна _____

сүтқоректілер _____

омыртқасыз су жануарлары _____

4-тарау. Шаруашылық сипаттамасы

_____ (өнеркәсіптік кәсіпорындардың ағын суларымен, өндірістің басқа да қалдықтарымен)

су айдынының ластануы

Сутартқыштар

_____ (сутартқыш құрылыстардың типтері, қуаттылығы, ведомстволық тиістілігі)

Тартымдардың, қалқымалардың, қосындардың, су айдынының (учаскесінің) балық ресурстарын пайдаланудың басқа да тұрақты орындарының саны

_____ Басқа мәліметтер

_____ Осы паспорт екі данада жасалды және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы паспортты рәсімдеген жергілікті атқарушы органның атауы

_____ Мөрдiң (бар болса) орны

Басшы _____

(Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(ҚОЛЫ)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК